



2
ХҚТУ - ҮЗДІК
ҮШТІКТЕ



5
ҚАЗАҚ ӘРПІН
КОМЬПЮТЕР-
ДЕ ЛАТЫНША
СӨЙЛЕТПЕК



ШЫНДЫҚҚА АПАРАТЫН БІРДЕН-БІР ЖОЛ - ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ

Ясауи университеті

УНИВЕРСИТЕТ
СТУДЕНТТЕРІНІҢ
ҮНІ

e-mail: a.yassau@mail.ru

№8 (435) 29 СӘУІР 2017 ЖЫЛ

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ МЕМОРАНДУМЫНА ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ

Түркиядағы Стамбул университетінің ректоры Махмут Ак пен Әл-Фараби атындағы ұлттық университет ректоры Ғалымқайыр Мұтанов университетімізбен екі жақты достық, ынтымақтастық меморандумына қол қойды.

Қос ректор әуелі ер түріктің бесігі саналатын шағын шаһарымыздағы Ясауи бабамыздың кесенесіне зиярат етуді жоспарлаған. Көзделген мақсат орындалған соң, оқу ордамызға ат басын бұрып, негізгі жұмыстарына кірісті. Мәдениет сарайының кіші залында университет ректоры Уәлихан Әбдібеков, I вице-президент Мехмет Куталмыш сенат мүшелері бас қосқан жиында Махмут Ак пен Ғалымқайыр Мұтановқа университеттің «Құрметті профессоры» атағын беріп, сый-сияпаттар табыстады. Қазақстанда рейтинг бойынша №1 университетке ие болған оқу орнының басшысы алғысын білдіріп, университет басшылары У. Әбдібеков пен М. Куталмышқа Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға 80 жыл» мерейтойлық медалін ұсынды. Ал, Махмут Ак университетімізге кәде сый тарту етті. Сондай-ақ өзі басқарып отырған университет туралы нақты ақпараттармен бөлісті. Айтуынша 260 мың студенті бар оқу орнында 24 мың оқытушы-профессорлар мен қызметкерлер жұмыс істейді екен. Жиын соңында ректорлар университет мұражайымен танысты. Лебіз кітабына университет туралы көзқарасы мен тілегін қара қалам арқылы айшықтап, оюлап жазды.

Қазақ Ұлттық университетінің ректоры Ғ. Мұтанов: «Халықаралық статуска ие болған университет жас болса да біраз белесті бағындырған. Екі жақты меморандумның келтіретін пайдасы орасан. Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша студенттер мен оқытушылар тәжірибе алмасады. Ортақ іс-шаралар, ғылыми зерттеулер, тың жобалар дайындалады. Өзім басқарып отырған қара шаңырақ пен Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті арасында мықты қарым-қатынас орнайды деп сенемін» деді.

Түркия Мемлекеті, Стамбул университетінің ректоры, профессор доктор Махмут Ак: «Стамбул университеті мен Ахмет Ясауи университеті арасындағы осы меморандум келешекте білім-ғылым, мәдени жағынан да жемістер алып келетініне шын жүректен сенемін. Негізінде екі университет арасында келісім шарт болған. Біз келісім шартқа өзгерістер енгіздік. Қаралмаған мәселелерді қосып, жаңа меморандумға қол



қойдық. Бізге Ахмет Ясауи университетінің «Құрметті профессоры» атағын бергені үшін, университет ректоры мен басшыларына алғысымды білдіргім келеді. Әрі бұл ынтымақтастық меморандумы жоспарлаған жүйе бойынша іске асады деп өз атымнан уәде беремін» деген игі тілегін жолдады.

ЯУ-АҚПАРАТ

КОНГРЕСС

ТҮРКІ ЖҰРТЫ ТҮРКІСТАНДА БАС ҚОСТЫ

Түркістан қаласының Түркі әлемінің 2017 жылғы мәдени астанасы болып жариялануына орай жыл басынан бері біршама мәдени іс-шаралар өткізілді. Университетімізде 26-28 сәуір аралығында «Жаһандану үдерісінде Түркі әлемінің келешегі, мүмкіндіктер мен қауіптер» атты халықаралық әлеуметтік ғылымдар конгресі өтті. Түркі әлемінің басын қосқан жиынды Әлеуметтік ғылымдар факультеті ұйымдастырды.

теграциялануын, Жаһандану үдерісінде Түркі елдерінің арасындағы байланыстарды нығайту жолдарын қарастырды. Осы бағыттарда 17 секция бойынша баяндамалар тыңдалып, талқыланды.

Түркістан қаласы әкімінің орынбасары Ғ. Рысбеков Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Ж. Түймебаевтың құттықтауын жеткізді. Түркияның Ұлттық Қозғалыс партия төрағасының орынбасары М. Гүнал, Ахмет Ясауи университеті Өкілетті Кеңес төрағасы М. Иылдыз, ректор У. Әбдібеков, I вице-президент, М. Куталмыш, Әлеуметтік ғылымдар факультетінің деканы М. Топлу Мармара университетінің ректоры М. Арат, Манас университетінің ректоры С. Балжы, Түркияның мемлекеттік және жергілікті муниципалдық қызметкерлер мен жұмысшылардың кәсіподағы Бем-Бир-Сен директоры М. Турбай құттықтау сөздерін айтып, ғылыми жиынды ашып берді.

Сонымен қатар университет президенті У. Әбдібеков Анталия қаласының депутаты М. Гүналға, Мармара университетінің ректоры, М. Аратқа, Манас университетінің ректоры С. Балжыға университетіміздің «25 жылдық» мерейтойлық төсбелгісін тағып, ұлттық шапан кигізді.

Конгреске қатысқан отандық және шетелдік ғалымдар үш күн бойы түркі әлемінің өзекті мәселелері мен ортақ құндылықтарын талқылады. «Жаһандану үдерісінде Түркі әлемінің келешегі, мүмкіндіктер мен қауіптер» атты халықаралық әлеуметтік ғылымдар конгресіне келген қонақтар жиын соңында концерттік бағдарламаны тамашалады.

БОЛАШАҚҚА БАҒДАР СІЛТЕГЕН СЕМИНАР

Жуырда Қазақстан Ғалымдар одағының Президенті, ҚР Парламентінің депутаты, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, профессор Оразалы Сәбден оқу ордамызға арнайы ат басын бұрды. Университет ұжымы мен студенттермен кездесті. Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарына үндес «Түркістанды жаңарту — рухты ояту жобасы» және «Абай Қазақстанның болашағы және әлемдік цивилизация» атты семинарын өткізді.

төсбелгісін тапсырды. Өз кезегінде профессор О. Сәбден оқу ордамыздың кітапханасына «Экономика» таңдамалы еңбегінің 25-томын мен «Абай, Қазақстанның болашағы және әлемдік цивилизация» кітабын сыйға тартты. 3 тілде жазылған «Абай, Қазақстанның болашағы және әлемдік цивилизация» кітабының Лондонда тұсаукесері өткен болатын. Еңбектегі құнды мәліметтерді оқуға шақырды. Кітапта Абайдың қара сөздерінде көтерілген мәселелерді XXI-ғасырда іске асыру жолдары, Адамзаттың өмір сүру жолдары жайлы нақты тұжырымдар



Халықаралық конгресте түркі әлемінің экономикалық, әлеуметтік, құқықтық байланыстары мәселелері, талқыланды. Өзгерістері мен даму сатылары ғылыми тұрғыдан таразыланды. Жаһандану үдерісіндегі түркі жұртының ортақ құндылықтары, туризм инфрақұрылымының дамуы зерделенді.

Конгресс жұмысы Түркі әлемінің әлеуметтік, мәдени және экономикалық құрылымдарындағы өзгерістерді, Жаңа әлемдік жүйедегі Түркі әлемінің ролі мен мүмкіндіктерінің әлемдік жүйемен ин-



Семинарда кіріспе сөз сөйлеген университет ректоры У. Әбдібеков: «Оқу ордамызда көптеген кездесулер өтеді. Жақында ғана Қазақстан мен Түркияның маңдай алды университетінің ректорлары Ғалымқайыр Мұтанов пен Махмут Ак келіп, ынтымақтастық меморандумына қол қойды. Бұл біз үшін зор мәртебе» екендігін айтты. Оразалы Сәбден университетті 2001-2003 жылдары басқарған болатын. Университет ректоры У. Әбдібеков академик О. Сәбденге университет Сенатының шешімі негізінде «25 жылдық» мерекелік

келтірілген. Университеттің Ғылым және инновациялық істер жөніндегі вице-президенті, профессор Т. Раимбердиев Оразалы Сәбденнің еңбектерінің мемлекетіміз үшін орны айрықша екенін айтты. Студент-жастармен емен-жарқын кездесу өткізген мәртебелі мейман көптеген маңызды мәліметтермен бөлісті. Студенттер ғалымға сұрақтар қойып, тұшымды жауаптарын алды.

ЯУ-АҚПАРАТ

АҚПАРАТТАР АҒЫНЫ

ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК БІРЛЕСТІГІНІҢ МЕЖЕЛІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ҚАРАЛДЫ

Ахмет Ясауи университетінде Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті базасындағы Республикалық оқу әдістемелік кеңесі оқу-әдістемелік бірлестігінің «Жоғары білімді интернационализациялау — ҚР жоғары оқу орындарында көптілді білім беруді дамыту факторы ретінде» атты кеңейтілген мәжілісі өтті.

Мәжілістің басты мақсаты — көптілді білім беруде, дамытуда жоғары білім беруді интернационализациялау мәселелерін талқылау.

«Құрметті әріптестер! Бүгін өте маңызды мәселе білім жүйесіндегі өзекті мәселені талқылау үшін жиналды», — деген ХҚТУ ректоры, профессор У.Әбдібеков университеттің білім беру жүйесі туралы мәлімет берді.

Мәжіліске модераторлық жасаған ҚазМемҚызПУ-нің ректоры Д.Нөкетаева «Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде көптілді білім беруді жүзеге асыру тәжірибесі» тақырыбында баяндама жасады.



Оқу әдістемелік кеңес мәжілісінде, Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының оқу-әдістемелік ісі жөніндегі проректоры С.Алимбаева «Жоғары білімді интернационализациялау — әлем кеңістігіндегі тиімді интеграция құралы ретінде», ХҚТУ Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директорының орынбасары М.Мырзахметов «Көптілді білім беруді енгізу: мәселелері мен болашағы», Дайындық факультетінің деканы А.Гунгер «Қазақстандағы түрік тілін үйретудің өткені мен бүгінгі және болашағы» тақырыбында баяндама жасады.

Мәжіліс секциясында ҚР-да білім беру мазмұнын жаңғырту үшін ЖОО-да бакалавриат, магистратура докторантура мамандықтары бойынша білім бағдарламаларын дайындаудың болашағы мен мәселелері; Жаһандану жағдайында ҚР-да жоғары білім беруді интернационалдау; ҚР-ның ЖОО-да көптілді білім беруді жүзеге асырудың болашағы мен мәселелері талқыланды. Екінші мәселе бойынша, республикалық оқу әдістемелік кеңесі оқу-әдістемелік бірлестігінің грифін алуға ұсынылатын оқулықтар мен оқу құралдары туралы ортаға салып пікірлерімен бөлісті.

Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтының ректоры А.Нухулы шара ұйымдастырушылары ҚазМемҚызПУ ректоры Д.Нөкетаеваға және ХҚТУ ректоры, профессор У.Әбдібековке алғысын білдірді. Сондай-ақ, Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті мен Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты арасында тәжірибе алмасу, әріптестік мақсатта түрлі бағыттарда тиімді іс-шараларды жүзеге асыру мақсатында екі жақты ынтымақтастық меморандумына қол қойылды.

Кеңес мәжілісінің соңында ҚазМемҚызПУ ректоры Д.Нөкетаева, университетіміздің ректоры У.Әбдібековке «Ұлағат» алтын медалін тағып, сый-сыяпат табыстады. Мәжіліс соңы секциялық жұмыстармен жалғасып, берілген ұсыныстар негізінде қаулы қабылданды.

Сонымен қатар, қонақтар оқу орны ғимараттарымен танысып, «Ахмет Ясауи», «Түркі халықтарының тарихи мұражайын» аралады.

АҚПАРАТ ОРТАЛЫҒЫ

СОТ ТӨРАҒАСЫ УНИВЕРСИТЕТІМІЗДЕ

Оңтүстік Қазақстан облыстық сотының төрағасы Нұрсерік Шәріпов университетімізде арнайы келді. Сапар барысында Н.Шәріпов университет оқытушы-профессорлары мен болашақ заңгерлерге «Ұлт жоспарын жүзеге асыру барысында сот жүйесінің реформалануы» тақырыбында лекция жүргізді.

Өз сөзінде Н.Кәрімұлы: «Болашақ заң саласының мамандарымен тығыз қарым-қатынас орнатуға мүдделіміз. Себебі, бүгінгі студент

болашақ біздің маманымыз. Облыс орталығындағы жоғары оқу орындарымен меморандумға қол қойдық. Білімгерлерімен кездесіп, дуальды оқу жүйесі негізінде лекция оқуды жоспарлады» деді. Мемлекеттік сот жүйесіндегі реформаларға тоқталды. Еліміздің стратегиялық бағдарламалары мен заңнамалық нормалары әңгімеге арқау болды. 2016 жылғы 21-қарашада өткен ҚР судьяларының VII съезінде қозғалған мәселелерге де шолу жасады. Студенттерді судьялардың әдеп Кодексімен танысуға шақырды. Ақпараттық-танымдық бейне сюжеттер көрсетілді.

Н.Шәріпов болашақ

заңгерлерге кеңесін айтып, студенттер тарапынан қойылған сауалдарға нақты жауап берді. Сот жүйесіндегі өзгерістер мен жаңалықтарды да тілге тиек етті. Мемлекетіміз үшін маңызы ерекше заң саласындағы өзгерістерді тарқатып айтты. Құқықтық тәрбиені жүзеге асыру мақсатында ұйымдастырылған аталмыш жиынға қатысушылар мол мағлұматтар алып, тартты. Шара аясында университет басшысы У.Әбдібеков Нұрсерік Кәрімұлына алғысын білдіріп, сый-сыяпат пен университеттің «25 жылдық» мерекелік төсбелгісін табыстады. Кездесуден соң, Н.Шәріпов университетіміздің оқу корпусына аралап, тыныс-тіршілігімен танысты.

ЯУ-АҚПАРАТ

ПӘНДІК ОЛИМПИАДАЛАР

ХҚТУ ҮЗДІК ҮШТІКТЕ

Сәуір айының 21-22 күндері Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде ЖОО студенттері арасында журналистика мамандығы бойынша дәстүрлі ІХ республикалық пәндік олимпиада өтті. Университетіміздің намысын қорғап барған 3-курс студенттері Арайлым Тастемір мен Нұрлан Сұлтанбек және 4-курс студенті Азамат Жаппаровтардан құралған «Тұран» тобы командалық есепте жұлделі ІІІ-орынды иемденді. Жеке қатысушылар бойынша Арайлым Тастемір үздік үштіктен көрінді.

Екі күнге созылған тартысты білім бәсекесінің командалық нәтижесі бойынша Л.Гумилев атындағы Еу-



разия ұлттық университеті жұлделі І-орынға, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті ІІ-орынға ие болды.

М.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті журналистика бөлімінің студенттері де біздің Тұран тобымызбен бірге жүлдегерлердің арасында ІІІ-орында тұрды. Алдағы жылы ЖОО арасындағы Х республикалық пәндік олимпиадасын өткізу қарағандылықтардың еншісіне тиді.

Жуырда Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде Дене шынықтыру және спорт мамандығы бойынша ҚР Жоғары оқу орындары студенттерінің ІХ Республикалық пәндік олимпиадасы өтті.

Пәндік олимпиадаға Дене шынықтыру және спорт мамандығының білімгерлері қатысып, жоғары деңгейде білімдерін көрсетті. Олимпиада нәтижесі бойынша 3-курс білімгері І.Болатова ІІІ-орын, 2-курс студенті Е.Жұмабек ІІ-орын, 4-курс білімгері Н.Нұрәулет ІІІ-орынды иемденді. жалпы командалық есеп бойынша ІІ-орынға ие болып арнайы дипломмен марапатталды.

ЯУ-АҚПАРАТ

Еліміздің жоғары оқу орындарында өтіп жатқан республикалық пәндік олимпиадаларға Жаратылыстану факультеті, «Физика» кафедрасының студенттері қатысып қайтты.

Білім додасы нәтижесінде 3-курс студенті Ш.Эркинова ІІІ-дәрежелі дипломмен марапатталды.

Ал, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де Физика мамандығы бойынша ІХ-республикалық пәндік олимпиададан 2-курс студенттері Н.Алиев, А.Аубакир ІІІ дәрежелі дипломмен марапатталды.

Сондай-ақ, 3-курс студенттері Н.Жақсылық, Д.Абдухамидов және 1-курс студенті А.Жолдасова «Үздік студент» сертификатымен марапатталды.

Жуырда оқу ордамыздың «Гуманитарлық ғылымдар» факультетінің студенттері 4 мамандық бойынша Халықаралық, Республикалық пәндік олимпиадаларға қатысып, жұлделі орындармен оралды.

Соның бірі, Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің базасында өткен ІІ Халықаралық пәндік олимпиадасында Археология және этнология мамандығының 3-курс студенттері жұлделі ІІІ орынға ие болды.

Ал, Қазақ Мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде ҚР ЖОО студенттерінің арасында өткен ІХ Республикалық студенттік пәндік олимпиадасында тарих мамандығының 2, 3 курс студенттері жұлделі ІІІ-орынды иеленіп қайтты.

Сондай-ақ, Е.Бөкетов атындағы ҚарМУ-да өткен студенттердің Республикалық пәндік олимпиадасында тарих мамандығының 2-курс студенттері жұлделі ІІІ-орынды иеленді. Команда құрамындағы студент М.Әшірбай жеке көрсеткіші бойынша ІІІ орынды иемденді.

Сонымен қатар, Е.Бөкетов атындағы ҚарМУ-да өткен студенттердің Республикалық пәндік олимпиадасында Ба-стауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығының студенттері жұлделі ІІІ орынға ие болды.

АҚПАРАТ ОРТАЛЫҒЫ



ГАЗЕТТИҢ ТҮРІК ТІЛІНДЕГІ ҚОСЫМШАСЫ

Yesevi

Üniversitesi

ГАЗЕТТИҢ ТҮРІК ТІЛІНДЕГІ ҚОСЫМШАСЫ

Бетті жүргізуші журналист Ғалымжан Тәжібаев

Ahmet Yesevi Üniversitesinden İstanbul Üniversitesi Rektörü ve El-Farabi Üniveristesini Rektörüne Fahri Profesörlük Unvanı

İstanbul Üniversitesi Rektörü Prof. Dr. Mahmut Ak ve Kazakistan Almatı şehrinde bulunan El-Farabi Üniversitesi Rektörü Prof. Dr. Galimkayır Mutanov, birtakım görüşmeler ve temaslarda bulunmak için geldiği Ahmet Yesevi Üniversitesinde Rektör Prof. Dr. Valihan Abdibekov, Rektör Vekili Prof. Dr. Mehmet Kutalmış ve Rektör Yardımcıları Prof. Dr. Taljan Raimberdiev, Doç. Dr. Bakıtcan Muhamedjanov ile Yrd. Doç. Dr. Berik Ahmetov tarafından karşılandı.



İstanbul Üniversitesi Rektörü Prof. Dr. Mahmut Ak ile El Farabi Üniversitesi Rektörü Prof. Dr. Galimkayır Mutanov Türkistan Yerleşkesi Kültür Merkezi toplantı salonunda kabul edilerek bir takım görüşmeler gerçekleştirildi. İkili işbirliği protokollerinin de imzalandığı buluşmada Rektör Prof. Dr. Valihan Abdibekov ve Rektör Vekili Prof. Dr. Mehmet Kutalmış konuşma yaptılar. Prof. Dr. Mahmut Ak ile Prof. Dr. Galimkayır Mutanov'a söz verdiler.

Prof. Dr. Mahmut Ak konuşmasında İstanbul Üniversitesi hakkında kısaca bahsederek, 23 fakültesi, 100 araştırma laboratuvarı, 70 araştırma merkezi, 5 hastanesi, 17 enstitüsü ve 6 bini akademisyen olmak üzere 18 bin çalışanyla büyük bir üniversite olduğunu ifade etti. Dünyanın ilk 500 üniversitesi arasında yer aldığına değinerek, 2 Nobel ödülüne sahip Bilim kültür sanat ve sporun merkezi olduğunu vurguladı.

Prof. Dr. Ak, yapılacak iş birliği hakkında şu düşüncelere yer verdi. "Kaliteli ve üretken bir şekilde çalışma ortamı kurulması için belirli kriterler çerçevesinde çalışmalıyız. Kaliteli ve yüksek eğitim için nesnel bir şekilde kendi koşullarımızı değerlendirmeli sonrasında bu koşulların bize göre ne kadar iyi olursa olsun daha iyi bir hale getirebilmek için stratejiler geliştirmeliyiz. Toplumun tüm bileşenleriyle olduğu gibi sanayi ile de iş birliğimizi geliştirerek ülkemizin kalkınması ve dünyanın hepimiz için daha iyi hale gelmesi için çalışmalıyız."

Konuşmasının sonunda Prof. Dr. Ak, Ahmet Yesevi Üniversitesi tarafından verilen fahri profesörlük unvanından dolayı İstanbul Üniversitesi ve kendi adına onur duyduğunu ifade ederek Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız'a, Rektör Prof. Dr. Valihan Abdibekov ve Prof. Dr. Mehmet Kutalmış'a

teşekkürlerini ilettiler. Ayrıca bu kararı alan Ahmet Yesevi Üniversitesi senato üyelerini minnetle andığını söyledi. Ak, bu andan itibaren Ahmet Yesevi Üniversitesi neferi olarak İstanbul Üniversitesi'nin tüm imkânlarını Ahmet Yesevi Üniversitesi ile paylaşacağını dile getirerek sözlerini tamamladı.

Prof. Dr. Galimkayır Mutanov, öncelikle nazik davetleri ve vermiş oldukları fahri profesörlük unvanından dolayı Rektör Prof. Dr. Valihan Abdibekov ve Rektör Vekili Prof. Dr. Mehmet Kutalmış'a teşekkürlerini ilettiler. Ahmet Yesevi Üniversitesi Kazakistan'ın en büyük uluslararası üniversitesi olduğunu belirten Prof. Dr. Mutanov, Türk dünyasının dostluk ve kardeşliği için kurulduğunu ve Türk dünyasına büyük hizmet ettiğini dile getirdi. Bu sebeple Ahmet Yesevi Üniversitesi'ni kendi üniversiteleri gibi gördüğünü dolayısıyla da her türlü yardım ve desteklerle işbirliği içinde olunacağını dile getirdi.

Konuşmaların akabinde Prof. Dr. Mahmut Ak ve Prof. Dr. Galimkayır Mutanov fahri profesörlük belgeleri takdim edilerek, karşılıklı hediyelerde bulunuldu. Ayrıca Prof. Dr. Galimkayır Mutanov, Prof. Dr. Valihan Abdibekov ve Prof. Dr. Mehmet Kutalmış'a El-Farabi Üniversitesinin 80'inci yılına binaen altın madalya takdim etti.

İkili işbirliği protokollerinin imzalandığı toplantıdan sonra Prof. Dr. Mahmut Ak ve Prof. Dr. Galimkayır Mutanov, Ahmet Yesevi Üniversitesi Kültür Merkezinde bulunan Arkeoloji Müzesi ile Türk Dünyası Kültür ve Tarih Müzesini gezip buradaki anı defterini imzaladılar.

İstanbul Üniversitesi Rektörü Prof. Dr. Mahmut Ak ve El-Farabi Üniversitesi Rektörü Prof. Dr. Galimkayır Mutanov programın ardından Türkistan'dan ayrıldılar.

Ahmet Yesevi Üniversitesinde Yesevi Olimpiyatı düzenlendi

Ahmet Yesevi Üniversitesi tarafından organize edilen Kazakistan genelindeki Yesevi Olimpiyatına 14 eyaletten öğrenciler katılım sağladı. Çeşitli kademelerde 11 alanda gerçekleşen olimpiyatta toplamda 6 bin 600 öğrenci başvurdu. İnternet üzerinden olimpiyatın ilk aşaması yapıldı ve ilk etapta toplam bin 200 öğrenci elemeleri geçti. 14 Nisan'da Ahmet Yesevi Üniversitesi'nde yapılan sınavla ise dereceye giren 100 öğrenci, gelecek yıl ücretsiz olarak Türkiye bursuyla öğrenim görmeye hak kazandı.

Düzenlenen olimpiyatta bir de öğrenci adaylarına kampüs önünde düzenlenen fuarda Ahmet Yesevi Üniversitesi fakülteleri ve bölümleri tanıtıldı.

Yesevi Olimpiyatlarının sonuçları ise Ahmet Yesevi Üniversitesi Prodüksiyon Merkezi tarafından düzenlenen gala konserinde açıklandı. Konsere, Ahmet Yesevi Üniversitesi Rektörü Prof. Dr. Valihan Abdibekov, Rektör Yardımcısı Yrd. Doç. Dr. Mustafa Eren ile Yrd. Doç. Dr. Berik Ahmetov katıldı. Ahmet Yesevi Üniversitesi Prodüksiyon Merkezinin hazırladığı muhteşem gösterilerin ardından Prof. Dr. Valihan Abdibekov ve Yrd. Doç. Dr. Mustafa Eren birer konuşma yaparak derece alan öğrencilere ödülleri ve belgelerini verdiler.

Ahmet Yesevi Üniversitesinde "Kutlu Doğum" Programı Düzenlendi

H. Muhammet (s.a.s)'in dünyaya teşriflerinin sene-i devriyesi nedeni ile Ahmet Yesevi Üniversitesi tarafından "Kutlu Doğum Programı" düzenlendi.

18 Nisan Salı günü Türkistan Yerleşkesi Kültür Merkezinde düzenlenen "Kutlu Doğum" programı büyük ilgi çekti. Programa; Ahmet Yesevi Üniversitesi Rektör Vekili Prof. Dr. Mehmet Kutalmış, Rektör Yardımcısı Yrd. Doç. Dr. Mustafa Eren ve Ahmet Yesevi camisi müezzini Erlan Keyizbaev'in yanı sıra çok sayıda akademisyen, idari personel ve öğrenciler katıldı. Ayrıca Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanlığı koordinesinde üniversitemize iki haftalığına ders, seminer vermek ve ilmi çalışmalarda bulunmak için gelen Marmara Üniversitesi öğretim üyesi, Kocaeli Üniversitesi İlahiyat Fakültesi Dekanı Prof. Dr. Abdullah Kahraman katılarak konferans verdi.

Ahmet Yesevi Üniversitesi İlahiyat Bölümü öğretim üyesi Yrd. Doç. Dr. Zekeriya Yılmaz'ın muhteşem Kur'an tilavetiyle açılışı yapılan "Kutlu Doğum" programda Prof. Dr. Mehmet Kutalmış, Yrd. Doç. Dr. Mustafa Eren ve Erlan Keyizbaev konuşma yaptılar.

Prof. Dr. Mehmet Kutalmış konuşmasında Peygamber Efendimiz Hz. Muhammet (s.a.s) doğum günü kutlayarak bu günün İslam alemi açısından önemine değindi. Ayrıca Kutlu Doğum Haftası yalnızca Türkiye'de ve Müslüman devletlerde değil bütün dünyada büyük bir ilgiyle kutlandığını ifade etti. Alemelere rahmet olarak gönderilen sevgili Peygamber Efendimiz Hz. Muhammet (s.a.s); iyilik, adalet, dostluk, hoşgörü, sevgi, barış ve merhamet gibi bütün güzel sıfatların ona münhasır olduğunu dile getiren Kutalmış, zira peygamberimizin iyiliği iyilikle kötülüğe de yine iyilikle karşılık veren kutlu bir peygamber olduğunu belirtti.

Konuşmasını haftanın önemine binaen tüm insanlığa sevgi barış kardeşlik getirmesi dilekleriyle tamamlayan Kutalmış, bu manidar programda emeği geçen başta Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız'a ve herkese teşekkür ederek sözlerini tamamladı.

Prof. Dr. Mehmet Kutalmış akabinde konuşan Yrd. Doç. Dr. Mustafa Eren, alemelere rahmet olarak gönderilen sevgili Peygamber Efendimiz Hz. Muhammet (s.a.s) doğum gününü kutlayarak "Kutlu Doğum" haftası hakkında bilgiler verdi. Eren, ilk olarak 1989'dan itibaren Türkiye'de kutlanmaya başlandığını ve kısa zamanda ülke sınırlarına taşarak tüm dünyaya yayıldığını ifade etti. Gerçekleşen bu Kutlu doğum programlarıyla Peygamber Efendimiz Hz. Muhammet (s.a.s) ve onun vermek istediği mesaj insanlığa açık bir şekilde anlatıldığını dile getirdi. Zira bu programlarda yapılan konferanslar ve bilimsel araştırmalarla insanların bu konuda daha doğru ve güzel bir şekilde aydınlatıldığını savundu.

"Kutlu Doğum" Programı Türkiye Diyanet İşleri Başkanlığı tarafından her yıl belirlenen konu çerçevesinde kutlandığını belirten Eren, insanlığın cahiliye dönemine geri döndüğünü, huzur ve güvenin kalmadığı bir zamanda bu yıl ki "Kutlu Doğum" haftasının "Güven Toplumu" konusun da olması ne kadar da anlamlı olduğunu dile getirdi. Bu hususta konferans vermek üzere Prof. Dr. Abdullah Kahraman sahneye davet etti.

Prof. Dr. Abdullah Kahraman, adına kasideler, naatlar yazılan, insanlık için doğan, insanlığı insanlıkla tanıştıran, yeryüzünde zulüm, adaletsizlik, kötülük, ahlaksızlık ve merhametsizlik adına ne varsa hepsini yok eden, rahmet ve merhamet kanatlarını bütün insanlığa geren O Kutlu Peygamberi yad etmekten gurur ve mutluluk duyduğunu dile getirdi. Kahraman, ruhaniyetinden, bereketinden, hikmetlerinden istifade ettiğimiz; bize Hz. Muhammet (s.a.s)'in aşkını tanıtan, O'nun yolunu



gösteren ve O'nun emanetini hatırlatan Ahmet Yesevi'ye, cümle ulemaya ve bütün peygamber aşıklarını da rahmet ve minnetle andı.

Kahraman "Hz. Muhammet (s.a.s) ve Güvenilir Toplumu" konulu konferansında kısaca sunuları kaydetti. "İnsanlığın ufuklarının karardığı, ilerlediğini zannettiğçe gerileyen ve düşen insanlığı bir kurtarıcı olarak O ve O'nun sünneti görülmektedir. Çünkü sadece inanların değil, inanmayanların dahi O'na güvendiği, O'na düşman olanların dahi Muhammedül emin dediği bir peygamberdir. Mekke Müslümanlar baskı zulüm ve şiddete maruz kaldıkları zaman Ya Muhammet biz ne zaman bunlardan kurtulacağız, huzura ereceğiz dediklerinde dedi ki Allah Resulü, "Bir gün bir kadın tek başına Yemen'den, çıkacak, tek başına devesine binecek, çölleri aşarak Mekke'ye gelecek, hac ibadetini ifa edecek ve yine tek başına devesine binerek, çölleri, dağları aşarak kendi beldesine, kendi evine güven içinde dönecek." Nitekim O'nun getirdiği değerlere sahip, Kur'an'ın rehberliğinde öylesine güvenilir toplum olacaktır.

Allah Kainatı Hz. Muhammet'e, çocuğu babasına, kadını kocasına, komşuyu komşusuna ve her varlığı birbirine emanet etti. Güvenilir olmayı ise iman etmeye bağladı. Nitekim Müslüman elinden ve dilinden başkalarının zarar görmediği kişidir, emanete ihanet eden insanlıktan olur insanlıktan olan kişi ise imandan olur."

Konuşmasını, sahabe-i kiraman güvenlikle ilgili kıssalarıyla örnekendirerek bitiren Kahraman, güvenlik, huzur için dua ve temenni de bulundu.

Konuşmaların akabinde Ahmet Yesevi'yi rüyasında görerek onun hikmetlerini besteleyen Doç. Dr. Gül Deniz Ekmen Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız'ın davetlisi olarak programa katıldı. Programda kanun çalarak Yesevi hikmetlerini okudu.

Prof. Dr. Mehmet Kutalmış ve Yrd. Doç. Dr. Mustafa Eren program sonunda Doç. Dr. Gül Deniz Ekmen ile Prof. Dr. Abdullah Kahraman'a hediye takdiminde bulundular.

ГАЗЕТТІҢ ТҮРІК ТІЛІНДЕГІ ҚОСЫМШАСЫ

Samsun Münevver Ayaşlı Yurdunda Divan-ı Hikmet Okumaları yapıldı

Gençlik ve Spor Bakanlığı Yüksek Öğretim Kredi ve Yurtlar Kurumu Samsun İl Müdürlüğü tarafından Samsun Münevver Ayaşlı Yurdunda düzenlenen "Türk İslam Bilginleri Atölyesi Hoca Ahmet Yesevi Divan-ı Hikmet Okumaları" programı yapıldı. Programa konuşmacı olarak katılan Ahmet Yesevi Uluslararası Türk Kazak Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız, Hoca Ahmet Yesevi'nin hayatı ve eserleri hakkında bilgi verdi.

Prof. Dr. Musa Yıldız, Yesevi'nin eserlerindeki ana fikrin insanın ahlakı, manevi ve hoşgörü gibi değerlerinin gelişmesi olduğunu dile getirdi.

Yesevi'nin eserlerini halkın rahatça anlayabileceği basit söyleyişler ile Türkçe yazarak ve anlatarak dile getirmesi sayesinde geniş kitlelerin hikmetlerini anlayabildiğini belirten Prof. Dr. Musa Yıldız, Hoca Ahmet Yesevi'den bugüne 4 büyük eser kaldığını anımsattı.

Prof. Dr. Yıldız, 99 bin öğrenci yetiştiren Yesevi'nin vaktini ibadete, talebe yetiştirmeye ve kimseden bir şey beklemeden alın teriyle kazanmaya ayırdığına dikkati çekti.

Türkiye'nin, Kazakistan'ın Türkistan şehrinde kurduğu Ahmet Yesevi Üniversitesi hakkında bilgi veren Prof. Dr. Musa Yıldız, Münevver Ayaşlı Yurdu öğrencilerinin sertifika törenine de katıldı.



Üniversitemizin öğrencileri 5. Uluslararası Aktif Öğrenciler Kongresinde bildiri sundu

Çorum Hitit Üniversitesi Aktif Yaşam Kulübünün düzenlediği 5. Uluslararası Aktif Öğrenciler Kongresine, Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesinin delegasyonu olarak Uluslararası İlişkiler Bölümü 2. sınıf öğrencileri; Yasir Rashid, Milavsha Khaipnazarova, Akerke Rysbay ve Akbope Abilkash katıldı.

21-23 Nisan tarihleri arasında düzenlenen kongrede üniversitemizi temsilen katılan Yasir Rashid "Refugee Crisis: EU and their Deals on Afghan Refugees", Milavsha Khaipnazarova "Consequences of Brexit of UK", Akerke Rysbay "Kazakistan'da Çok kültürlülük", Akbope Abilkash "Suriye'deki Olayların Arap Baharı ile ilişkileri" konularında bildirimlerini sundular.

2 günlük program sonunda katılımlarından dolayı Hitit Üniversitesi tarafından öğrencilerimize sertifika ve çeşitli hediyeler verildi.



Mütevelli Heyet Başkanı Güney Kazakistan Bölge Valisini ziyaret etti

Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız, MHP Türk Dünyası ve Uluslararası İlişkilerden Sorumlu Genel Başkan Yardımcısı ve Antalya Milletvekili Doç. Dr. Mehmet Günal ve Marmara Üniversitesi Rektörü Prof. Dr. Mehmet Emin Arat ile birlikte Güney Kazakistan Bölge Valisi Prof. Dr. Canseyit Tüymebayev'i ziyaret ettiler.

Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız, Ahmet Yesevi Üniversitesinin proje ve faaliyetleri hakkında Güney Kazakistan Bölge Valisi Prof. Dr. Canseyit Tüymebayev'e bilgi verdi.

Prof. Dr. Canseyit Tüymebayev, Türkiye ve Kazakistan arasındaki ikili ilişkilerin geliştirilmesinde önemli bir yeri olan Ahmet Yesevi Üniversitesinin, eğitim ve fiziki alt yapı olarak Kazakistan'ın en iyi üniversitelerinden biri olduğunu söyledi ve ziyaretten son derece mutlu olduğunu dile getirerek teşekkür etti.



Prof. Dr. Nurettin Güz Ahmet Yesevi Üniversitesinde

Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanlığı koordinasyonunda iki haftalığına ders, seminer vermek ve ilmi çalışmalarda bulunmak için Ahmet Yesevi Üniversitesi Filoloji Fakültesine gelen Gazi Üniversitesi İletişim Fakültesi Gazetecilik Bölümü öğretim üyesi Prof. Dr. Nurettin Güz gerçekleştirmiş olduğu akademik çalışmaların ardından Türkiye'ye dönüş yaptı.

Bilgi, birikim ve tecrübelerini Ahmet Yesevi Üniversitesi Filoloji Fakültesi hoca ve öğrencileriyle paylaşan Prof. Dr. Nurettin Güz; gazette şablonlarının tasarımı, dünya ve Türkiye basın yayın ilkeleri, gazetecinin görevleri, uygulamalı gazetecilik ve spor gazeteciliği, haber alma ve yazma teknikleri gibi konularda lisans öğrencilerine dersleri verdi.

Ahmet Yesevi Üniversitesi Rektör Vekili Prof. Dr. Mehmet Kutalmış ve Rektör Yardımcısı Yrd. Doç. Dr. Mustafa Eren, akademik çalışmalarından dolayı Prof. Dr. Nurettin Güz'e teşekkür belgesi takdim ettiler.

Ahmet Yesevi Üniversitesinde Akademik Denetim Komisyonu çalışmalarını tamamladı

Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanlığı tarafından akademik denetim yapmak üzere görevlendirilen Akademik Denetim Komisyonu üyeleri 4 günlük çalışmalarının ardından Türkistan'dan ayrıldılar.

Akademik Denetim Komisyonu Başkanı ve Gazi Üniversitesi Öğretim Üyesi Prof. Dr. Nail Öztaş ile yardımcıları Gazi Üniversitesi Öğretim Üyeleri; Prof. Dr. Şeref Sağıroğlu, Prof. Dr. Mustafa Kavutçu ve TSE Kalite Kampüsü Baş Denetçisi Hidayet Şahin, Ahmet Yesevi Üniversitesi Rektör Vekili Prof. Dr. Mehmet Kutalmış, Rektör Yardımcıları, Dekanlar, Enstitü Müdürleri ve diğer birim amirleriyle bir takım görüşmelerde bulundular. Yapılan görüşmelerde üniversitemizi Kazakistan'ın ve Türk dünyasının en iyi üniversiteleri sıralamasına getirebilme hususunda fikir alışverişinde bulundular. Akademik Denetim Komisyonu, 4 günlük programı kapsamında üniversitemizin hastanesini ve fakültelerini ziyaret ederek, fakülte hocalarının görüşlerini aldılar.

20 Nisan Perşembe günü Türkistan yerleşkesindeki faaliyetlerini tamamlayan Akademik Denetim Komisyonu Almatı'daki Avrasya Araştırmaları Enstitüsü'nde denetleme yapmak üzere Türkistan'dan ayrıldılar.



Hoca Ahmet Yesevi Gönüllerde Anıldı

Muhsin Yazıcıoğlu'nun düşünce yapısı ve ülküsünü de kapsayacak şekilde; milli ve manevi değerlerin, fikirlerin toplum tarafından kavranmasını sağlamak, araştırmalar yapmak, yapılmış araştırmaların derlemelerini yayınlamak, amacıyla kurulan Gönüllerde Birlik Vakfı'nın bu haftaki konuğu Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız oldu.

Vakfın temsilcileri ve katılımcılarla bir araya gelen Başkan Yıldız, söyledi ortamında Hoca Ahmet Yesevi'yi anlattı. Hoca Ahmet Yesevi'nin hayatına, başarılarına, eserlerine, öğrencilerine ve hayatının son dönemlerine değinen Yıldız, onun hoşgörüsünden ve mütevaziliğinden çağlar ötesine mesajları olduğunu kaydederek, "Hoca Ahmet Yesevi bize asırlar öncesinden diyor ki, zamanı iyi kullanın, zaman kan gibidir, yapılması veya telafi edilmesi mümkün değil" şeklinde konuştu.

Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız, Hoca Ahmet Yesevi'nin 63 yaşından sonra "Çilehane" adı verilen dervişlerin çile dönemleri için yapılmış, yalnızca küçük bir kapısı bulunan, penceresiz ve dar oda anlamına gelen bir yere girdiğini ve buradan yeryüzüne bir daha 73 yaşına kadar hiç çıkmadığını kaydetti. Çilehanede geçen zamanlarında ise görevini yerine getirmeye ve yine öğrencilerini yetiştirmeye devam ettiğini belirten Yıldız, 73 yaşında vefat ettiğini kaydetti.

Hoca Ahmet Yesevi'nin Divân-ı Hikmet, Fakr-nâme, Risâle der Âdâb-ı Tarikat ve Risâle der Makâmât-ı Erba'in eserlerinin üniversitenin internet sitesinden (ayu.edu.tr) dileyenlerin ücretsiz olarak indirebileceğini söyledi.



СОҢҒЫ БЕТ

*спорт

ВОЛЕЙБОЛ ОЙЫНДАРЫ МӘРЕГЕ ЖЕТТІ



Қазақстан Республикасы Волейбол федерациясы мен университетіміздің ұйытқы болуымен «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Кубогы» үшін волейболдан жарыс ұйымдастырылды. 1999-2000 жылдары туылған жасөспірімдер арасындағы чемпионат тартысты өтті.

12-19 сәуір аралығында өткен спорттық сайысқа еліміздің 14 облысынан 16 команда бақ сынады. Чемпионат өткізудегі мақсат – волейбол ойындарының кеңінен танылуына үлес қосу, ХҚТУ волейбол командасының дәрежесін көтеру, спортшы-талапкерлерді университетке шақыру. Түркістан қалалық мәслихатының депутаты Ғ.Сәрсенбаев, университеттің Ұйымдастыру және тәрбие істері жөніндегі вице-президенті, профессор Б.Мұхамеджанов шараның ашылу салтанатында сөз сөйлеп, ойыншыларға сәттілік тіледі. Чемпионаттың Бас төрешісі – Халықаралық дәрежедегі төреші, Түркістан қаласы

әкімдігінің Дене шынықтыру және Спорт бөлімінің басшысы Қ.Айдарбеков. Жарыстың бас хатшысы – Жоғары ұлттық дәрежедегі төреші, Түркістан қаласының бас бапкері М.Божбанбаев. Апта бойы Кубок үшін керемет ойын айшықтары ойын алаңын қызыққа бөледі. Нәтижесінде I орынды және ауыспалы кубокты Қызылорда облысының құрама командасы жеңіп алды. Ал, II орынды Тараз қаласының құрама командасы, III орынды Оңтүстік Қазақстан облысының құрама командасы иеленді. Марапаттау рәсімінде ҚР Волейбол федерациясының бөлім меңгерушісі, халықаралық төреші және жаттықтырушы И.Қабылбекова, ҚР Волейбол федерациясының президенті мүшесі, жоғары ұлттық дәрежедегі төреші М.Умаров жеңімпаз командаларға жүлделі орын дипломдарын, мақтау қағаздарын табыстады. Сондай-ақ, университет «Спорт клубының» меңгерушісі Б.Омаров Оңтүстік Қазақстан облысы мен Қызылорда, Тараз қалаларының командаларына университет тарапынан қаржылай марапат ұсынды.

КІТАПТЫ НЕ ҮШІН ОҚИМЫЗ?

Кітап – адамның ең сенімді серігі. "Кітап оқымаймын, себебі бәрін оқып толыстым" деу ақымаққа ғана тән. Адам кітаппен рухани жағынан бай болып, таным өрісі кеңейеді. Тіпті, басқа адамға айналуы мүмкін. Сіз кітапты не үшін оқисыз?

1. Дүниетанымды кеңейту үшін. Түрлі тақырыптағы, танымдық бағыттағы кітаптар адамды жан-жақты дамытады. Ойлау өрісін кеңейтіп, өзге қырынан танытады.

2. Қиялымызды шарықтату үшін. Қиял – санаға бала жастан сіңетін даралық. Балалық шақта қиял-ғажайыпқа толы шығармаларды оқудың пайдасы зор. Реалдық өмірден қиялға, қиялдан шындыққа оңай алмаса алатын болады.

3. Адамдар туралы көп білу үшін. Көркем шығармаларда кездесетін әр кейіпкердің прототипі өмірде бар. Олардың сөздері, іс-әрекеті, пиғылы, мінезі оқырманға белгілі бір дәрежеде әсер етеді.

4. Жаңа қызығушылықты ояту үшін. Мысалы, шығармада кейіпкер археолог болса немесе сурет жинаумен айналысса, оқырман оның қызығушылығына бейжай қарамаса, онда оны жаңа қырынан тануға мүмкіндік бар деген сөз.

5. Керемет әңгімелесуші. Көп оқыған адам еш қашан іш пыстырмайды. Өйткені, оның айтары көп. Кез келген тақырыпта ойын еркін айтып, дәйектермен дәлелдеп сөйлейтін болады.

6. Тәжірибе алу үшін. Біреудің қателігі – біреуге сабақ. Автордың көрген-түйгенін сіз де біле аласыз. Ол үшін автобиографиялық кітапты оқуға кеңес береміз.

7. Ақ пен қараны ажырату үшін. Оқыған кітаптың ішіндегі ақ пен қараны ажырату үшін де интеллектуалдық білім керек. Демек, бір кітапты оқу үшін көптеген кітап оқу керек. Ал сіз не үшін оқисыз?

Massaget.kz

КӨК ҚАҒАЗДЫҢ ҚҰДІРЕТІ

Екінші дүниежүзілік соғыстан соң әлем енді қайтып ес жинамайтындай көрінді. Дегенмен де, бұл болжам жоққа шығып 50-жылдардың басында өзін әлемнің қожайыны сезінетін алып Америка дамудың даңғыл жолына түсіп, көз ілеспес жылдамдықпен дамыды. Президент Рузвельттің салып кеткен жаңа бағыт стратегиясы негізінде ол елдің экономикасын жоғары көтеріп тастады. Бұл елде капиталистік қатынастар мығым орнығып алпауыт коорпорациялар құрылды.

Капиталистік дәуірдің орнауымен бірге адамдардың бойында барлық нәрсеге тек ақшаның көзімен қарау салты қалыптасты. Бұл дерт ХХІ ғасырда біздің елді де айналып өтпеді. Басқа елді қайдам, қазір бізде кез-келген мәселені ақша арқылы ғана шешуге болатындай

жағдайда тұрмыз. Одан басқа жол қалмай бара жатқан сияқты. Ақша атты тылсымның алдында барлық адам шарасыз күй кешуде. Көк қағаздың құдіреттілігі сонша әлемді басқарып тұр. Қазір осы көкейді тескен көк қағаз үшін кейбір адамдар дінін, тілін, елін, тіпті туғандарын да тәрік етуде. Ақшадай алыптың қасында адамзат баласы жеткен рухани құндылықтар өдіре қалуда. Асқынып тұрған әлемдік аурудың алдын алатын бір ғана жол бар, ол жол барға қанағат етіп, адамдық қалыпқа қайта оралу.

Шытырлаған доллардың дуасына түсіп қалмайық ағайын.

Әділет ӘБСАТТАРҰЛЫ
2-курс студенті

«ӘДІЛЕТ» КЛУБЫ ҚҰРЫЛДЫ

Студенттердің құқықтық білімін арттыру мақсатында университетімізде «Әділет» клубы құрылды.

дарымен байланыс орнатып ортақ іс-шара ұйымдастыруды, тәжірибелік сот процесін өткізуді жоспарлауда. Жақын арада болатын басқа да жиындарды ұйымдастырып, студен-



Бұл клуб студенттер үшін өте тиімді болады, - деп ойлаймыз. Заң саласындағы білімгерлердің теориялық білімін практикамен ұштастырып, қызығушылығын арттыру, құқық саласының қызметкерлерімен тығыз қарым-қатынас орнату көзделіп отыр. Студенттер арасында дөңгелек үстел, конференция, семинар өткізуді, жоғарғы оқу орын-

тер тарту. Қызығушылық білдірген, ынтасы зор белсенді оқу ордамыздың студенттерін клубқа мүше болуға шақырамыз.

Жібек Исмайлова
1-курс студенті

KARDEŞİM GANI
(GANI TURABAYEV'İN AZIZ HATIRASINA...)

Kardeşim Gani!
Sen de gittin öyle mi?
Ben beklerken acı içinde eceli!
Güney Kazakistan'ın iyisi, acelen neydi?

Rektörüm Serik Piraliyev'in bize hediyesi,
Baş Saymanı idin, çalışkan ve bilgili,
Güler yüzlü, mütevazı, hisli,
Türkistan'ın mümini...

Kardeşim Gani!
Sıkıntılar içindeydik hani,
Ağabeyimiz Temirbolat Edilbayev'i
Erken yaşta kaybettiğimiz için arıyorduk teselli...

Hesap sormak mümkün mü, O Azrail nerde ki?
Kim bilecek içimize attığımız derdi, kederi?
Güzel işler yaptık, Türkistan şahidi,
Şiarımız kardeşlik, işbirliğiydi...

Kardeşim Gani!
Düşümde gördüm seni,
Ak pak olmuş saçın sakalın, erdin mi?
Rahman ve Rahim'in meleklerin sevindirdin mi?

Güney Kazakistan'ın iyisi, acelen neydi?
Ben beklerken acı içinde eceli,
Sen de gittin öyle mi?
Kardeşim Gani!...

Zafer Kibar

Ясауи университеті

Редактор Жанар БЕЙСЕНБАЕВА

Тілшілер:
Журналистика бөлімінің студенттері

Фототілші: Елнұр СЕРДӘЛІ
Беттеуші: Мұрат ШАХАНБАЕВ

Газет 1995 жылдан бастап айына 2 рет шығады

Газет Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігінде 4.10.2010 жылы тіркеліп, тіркеу туралы №11180-Г куәлігі берілген.

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және кері қайтарылмайды. Автордың пікірі, мақалалары, ашық хаттары мен үндеулері редакцияның көзқарасын білдірмейді. «Ясауи университетінде» жарияланған мақаланы көшіріп басқанда сілтеме жасалуы тиіс. Кейбір суреттер интернеттен алынды.

Мекен-жайы: ҚР, ОҚО, Түркістан қаласы, Қазыбек би көшесі, №4 оқу ғимараты, 106-кабинет.
Байланыс телефоны: 8 /72533/ 3-21-24, ішкі 117
Эл.пошта: a.yassui@mail.ru

Таралу аумағы: Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ

Газет «M-PRESS» ЖШС баспа үйінде басылды.

Мекен-жайы: ҚР, Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі, 18-үй

Таралымы: 1000 дана

Тапсырыс нөмірі: